

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы



Түзете-дамытушылық

Әдістеме: «Көлік тас жолы»

Топтың аты: 4 жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама №44

Топтың аты: 4 жас тобы

Тексерілген күні: 06.02.2023ж

Әдістеме: «Көлік тас жолы»

Мақсаты. Заттардың ерекшеліктерін анықтау қабілетін дамыту, тәжірибелік тапсырмаларды шешуде белгілі ережелерге бағынуға үйрету, осы ерекшеліктерді басқаларынан даралауға баулу, қарапайым әрекеттердің алгоритмдерін өз бетінше құрастыруға үйрету.

Материал. Жол құрылысының ережесі берілген кесте логикалық блоктар.

Мазмұны

I

Балалардың алдына 1 кестесі қойылады, ал еденге блоктар қойылады.

Ойынның тапсырмасы: қалада (пішіндер) автокөліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салу.

Жолдардың салудың ережесі кестеде берілген.

Ондағы бағыттардың көмегімен блок қай түстің соңынан жүру керектігі көрсетілген. Балалар ережені саралап байқайды: қызыл блоктың соңында сары, сарының соңында көк, оның соңында қайтадан қызыл. Олар жолды қай блоктан бастайтындарын шешеді және жолды сала бастайды. Блоктарды кезекпен салады. Әр бала блоктарға жақындап, керекгін алып, жолға салады, кім қателікті байқаған болса, сол «тоқта» деп айтады да, қатені түзетеді. Ойын қайталанған жағдайда, жолды балалар кестеді көрсетілген басқа ережемен салады. Сонымен қатар балалар жолды блоктар мен тегіс фигуралардан да сала алады.

Жаттығуды әртүрлі ұйымдастыруға болады: барлық балалар бір жол салады; қатысушылар жұпқа бөлінеді және әрбір жұп өз жолын салады, әр бала өз жолын салады.

Жұппен болатын ойынға мынадай ереже енгізуге болады: кімде кім қате жіберетін болса, сол өзіне айып ртеінде фигураны қалтырады. Кімде айып фигурасы аз болса, сол жеңімпаз болады.

Балалар алдымен дайын ереже бойынша жол салады, кейіннен ережені өздері ойдан құрай алады. Ересектер ойын ережесін үнемі ауыстырып отырады (өзен арқылы өтетін көпір салу, моншақтарды жинау, қалың орманның арасынан соқпақ жол салу және т.б.).

II

Жолды салуға блоктардың екі ерекшеліктеріне бағытталатын ереже қолданылады

Балалардың қызығушылықтарын қолдау үшін ересектер әртүрлі ойын және тәжірибелік тапсырмалар ұсынады: Қай мен Гердаға қашуға көмектесу үшін Қар патшайымының сарайынан жол салу; қораптарға кәмпиттерді салу; Хауыз көшесіндегі Аңғалақтың шкафын жинастыру.

Ойын шарттарын алдымен ересектер ұсынады, ал соңынан мұндай шарттарды балалардың өздері ойлап табады.

III

Балалар үш ерекшелік – түсі, көлемі мен пішініне қарай жол (тізбек) салады (Ересектер балалардың белсенділіктері мен шығармашылықтарын марапаттай отырып, балаларды өз беттерінше жаңа ережелер, ойын тапсырмаларын ойлап табуға икемдейді

Қорытындысы:

4-5жас тобына «Көлік тас жолы»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді.Балалар ойынға жақсы араласты.Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамытты.

Зерттеуші:Педагог-психолог: Елшибекова.А.О